



БҰЙРЫҚ

10.01.2019 № *6*

ПРИКАЗ

Ақтау қаласы

**Банкроттықты басқарушыны
тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес және 2019 жылғы 03 қаңтарындағы "АлесТрим" ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. "АлесТрим" ЖШС-не Қылышбек Жеделұлы Қойшығұл банкроттықты басқарушы болып тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының талаптарына сәйкес банкроттықты басқарушының міндеттемесін орындау Қ.Ж. Қойшығұл жүктелсін.
3. Банкроттықты басқарушы Қ.Ж. Қойшығұл Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 19-бабы 4 тармағының талаптарын орындауды және банкроттық рәсімдерінің жүргізілу барысы туралы ақпаратты, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Бoryштармен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімінің басшысы А.А. Акимбаевқа жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың бір данасы "АлесТрим" ЖШС-нің банкроттықты басқарушысы Қ.Ж. Қойшығұл жолдансын.

Басшы



Signature

Д. Жаналинов